


**ALTYN QALAM**

Республикалық ғылыми-әдістемелік журнал

№2(3) ақпан 2025

индекс: 76225



**МҰХТАР МАҒАУШИННІң**  
**туғанына 85 жыл**



**Урбисинова Бақтығул Бекқожина**  
Манғыстау облысы, Сайын Шапагатов елді мекені  
Керемет 1 бөбекжай балабақшасының

Тәрбиешісі

### Ойын арқылы тәрбие беру: тиімді әдістер мен тәсілдер

Ойын – баланың дамуы мен тәрбиесінің маңызды құралы. Ол баланың танымдық, әлеуметтік және шығармашылық қабілеттерін дамытып қана қоймай, коршаған ортамен байланысын нығайтады. Балалар ойын арқылы өз сезімдерін еркін білдіріп, жаңа дағдыларды менгереді. Сонымен қатар, ойын олардың өзіне деген сенімділігін арттырып, шешім қабылдау қабілеттерін қалыптастырады. Тәрбиешілер ойын арқылы балаларға әртурлі өмірлік жағдайларды үйретіп, оларды болашақ өмірге дайындаі алады. Бұл мақалада ойын арқылы тәрбие берудің тиімді әдістері мен тәсілдері қарастырылады.

Ойын – баланың коршаған ортаны танып-білуінің табиғи жолы. Балалар ойын арқылы жаңа дағдыларды менгеріп, өз эмоцияларын білдіруге, қарым-қатынас орнатуға үйренеді. Сонымен қатар, ойын баланың еркіндігін дамытып, өз бетінше шешім қабылдауына ықпал етеді. Ойын барысында бала өзіне қажетті өмірлік тәжірибелі жинақтайды. Әртүрлі ойындар арқылы бала айналасындағы күбылыстарды – теренірек – түсініп, өзінің жеке тұлғалық қасиеттерін қалыптастырады. Сондықтан баланың жан-жақты дамуына әсер ететін ойын түрлерін дұрыс тандау маңызды.

Тәрбие беруде колданылатын ойын түрлері: Дидактикалық ойындар балалардың ойлау, есте сактау, зейін қою қабілеттерін дамытады (мысалы, «Кай зат артық?», «Сөз құрастыру»). Бұл ойын түрлері арқылы бала жаңа білімді менгереді және оны тәжірибеде колдану дағдыларын дамытады. Қимыл-қозғалыс ойындары дene тәрбиесін нығайтып, баланың физикалық белсенділігін арттырады («Күүп жет, ұстап ал», «Кім жылдам?»). Мұндай ойындар баланың денсаулығын нығайтып, қимыл-қозғалыс координациясын жақартады. Рөлдік ойындар балалардың киялы мен әлеуметтік дағдыларын жетілдіреді («Дүкен», «Дәрігер», «Мұғалім»). Бұл ойын түрі балаларға әртурлі мамандықтармен танысуға мүмкіндік береді және әлеуметтік рөлдерді орындауды үйретеді. Ұлттық ойындар қазақ халқының салт-дәстүрлерін үйретіп, ұлттық қундылықтарды насихаттайды («Асық ату», «Тоғызқұмалак»). Мұндай ойындар балаларға халқымыздың мәдениеті мен дәстүрін сініріп, олардың ұлттық сана-сезімін қалыптастыруға көмектеседі.

Ойын әдістерін тиімді қолдану тәсілдеріне балалардың жас ерекшеліктеріне сәйкес ойындарды тандау, ойын барысында балаларды белсенді катысуға ынталандыру, тәрбие мен білім беруді үйлестіре отырып, ойындарды жүйелі түрде енгізу, балалардың қызығушылығын арттыру үшін ойындарды түрлендіріп отыру, ойын арқылы топта жұмыс істеу дағдыларын қалыптастыру жатады. Ойындардың құрылымын балалардың қажеттіліктеріне қарай түрлендіріп, оларға шығармашылық еркіндік беру ете маңызды. Сондай-ақ, тәрбиеші ойын барысында балаға бағыт беріп, оның өзіндік ойлау қабілетін дамытуға ықпал етуі қажет.

Ойын арқылы тәрбие берудің артықшылықтары Ойын баланың шығармашылық қабілетін дамытады, жана идеялар мен шешімдер табуға үйретеді. Танымдық белсенділікті арттырады, баланың зейінін шоғырландыру қабілетін жетілдіреді. Өз ойын еркін білдіруге және шешім кабылдауға көмектеседі, бұл баланың өзіне деген сенімділігін арттырады. Қарым-қатынас дағдыларын қалыптастырады, бала әлеуметтік ортада өзін еркін сезініп, айналасындағылармен тіл табысуды үйренеді. Балалардың эмоционалдық жағдайын жақсартады, ойын арқылы олар өз сезімдерін дұрыс жеткізуға үйренеді.

Ойын – бала тәрбиесінде аса маңызды құрал. Тәрбиешілер ойындарды тиімді пайдалана отырып, балалардың жан-жақты дамуына ықпал ете алады. Сонымен қатар, ойын баланың сенімділігі мен өзін-өзі тануына көмектеседі. Ойын – баланың табиғи қажеттілігі болғандықтан, оны тәрбие мен оқыту үдерісіне дұрыс енгізу қажет. Ойын арқылы бала тек көңіл көтеріп қана қоймай, өмірлік маңызды дағдыларды қалыптастырады. Сондықтан тәрбиешілер мен ата-аналар баланың ойын арқылы дамуына назар аударып, оны шығармашылық тұрғыдан қолдауы керек. Баланың қызығушылығын арттыру үшін ойындарды түрлендіріп, олардың дамуына ықпал ететін жаңа әдістерді енгізу маңызды. Осылайша, ойын балалардың білім алуы мен тәрбиесінің тиімді әрі қызықты болуына жағдай жасайды. Балабақшада ойын арқылы тәрбие берудің әдістері мен тәсілдерін жетілдіру – болашақ үрпақтың тәрбиесіне жасалған маңызды қадам. Балалар ойынды еркін ойнаған кезде, олардың ішкі дүниесі ашылып, жаңа нәрсelerді үйренуге деген талпынысы артады. Сондықтан ойын тәрбие құралы ретінде баланың жан-жақты дамуын қамтамасыз етудің ең тиімді жолдарының бірі болып табылады.